

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2026)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/ISSN2710-3528>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Ергалиева С. Ж., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Искакова З. С., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/70-84>

***Ж. С. Акишева**

Satbayev University,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-2899-6707>

*e-mail: z.akisheva@satbayev.university

XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЛИРИКАЛЫҚ ЦИКЛ: КӨРКЕМДІК ТҰТАСТЫҚТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Мақалада XX ғасырдың басындағы қазақ поэзиясындағы лирикалық цикл құрудың теориялық және тарихи-әдеби аспектілері қарастырылған. XX ғасырдың бірінші жартысындағы әлемдік әдебиеттегі танымал жанрлық форма болып келген, лирикалық цикл мақалада осы кезеңдегі қазақ поэзиясы негізінде талданады. Сәкен Сейфуллин, Мағжан Жұмабаев, Ілияс Жансүгіров циклдерінің өлеңдеріндегі лексикалық, синтаксистік, мотивтік, дыбыстық, интонациялық ұйымдастырылу деңгейінде цикл құраушы біріктіруші компоненттер анықталады.

Хронология, жазу мерзімі, тақырып, лирикалық кейіпкер, мәтіннің бейнелі құрылымы, лирикалық сюжет сияқты цикл құраушы компоненттерге ерекше назар аударылады. Лирикалық циклдер көркемдік уақыт көркемдік кеңістіктен бөлінбейді деген концепция арқылы сипатталған. Аталған шығармаларда циклқұраудың басты элементі ретінде жанрдың біртұтас кеңістігі алынады. Мақалада ақынның көркем әлемінің тұтастығы оның шығармаларындағы уақыт пен кеңістіктің бірлігін білдіреді. Ол қарастырылып отырған циклдік принциптердің бірі. Лирикалық циклдің біртұтас кеңістігін құру тұрғысынан өлеңдер арасындағы сындарлы элементтер ғана емес, сонымен қатар, ең алдымен, кеңістіктің құрамдас бөліктері де маңызды. Автор мақалада Мағжан Жұмабаев, Ілияс Жансүгіров лирикасының мысалында пейзаждық циклдерді ұйымдастырудың ерекшеліктеріне тоқталады. Мақалада Сәкен Сейфуллин циклдерінің құрамындағы өлеңдерінде негізделетін лирикалық циклдің жанрлық формасының субъективті-объективті ұйымдастырылуына назар

аударылады. XX ғасырдың I жартысындағы қазақ поэзиясындағы лирикалық циклдің табиғатын білу, тән цикл құру компоненттерін анықтаудың маңыздылығы көрсетілген. Талдаудың аспектілері – лирикалық циклдің жанрлық формасының негізін құрайтын принциптер, олардың дамуы әртүрлі тәсілдер мен зерттеулерде көрінеді.

Кілтті сөздер: циклқұрылым, лирикалық цикл, қазақ поэзиясы, С. Сейфуллин, М. Жұмабаев, І. Жансүгіров, лирикалық кейіпкер.

Кіріспе

Ғылымда өлеңдер циклі ұзақ уақыт жеке мәселе ретінде қарастырылмаған. Көптеген зерттеулерде лирикалық циклді талдау лексикалық қайталауларды, идеялық-тақырыптық кешендерді, өлеңдер арасындағы байланыстарды табуды және сипаттауды мақсат етеді [1; 2]. Бұндай мәліметтердің қажеттілігі сөзсіз. Олар жалпы мағыналық тұтастық жасайтын, өлеңдер арасында пайда болатын байланысты көруге мүмкіндік береді. Сөйте тұра, лирикалық циклдің құрамындағы көрсетілген компоненттер циклдің жанрлық табиғатын анықтау үшін жеткіліксіз. Өлеңдердің арасындағы байланыс басқа контекстте де, мәселен, тақырыптық топтауларда немесе өлеңдер жинағында көрінуі мүмкін.

Өлеңдер арасындағы шынайы байланыс поэтикалық стильдің бірлігі, лирикалық баяндаудың белгілі формасы нәтижесінде пайда болады. Бұл жағдайда жанрдың шекарасы кеңейе түседі. Өлеңдер циклі туралы қазіргі көзқарастар тұрғысынан циклдің көркем әлемінің негізгі аясын қалыптастыратын және жалпы жанрды тудыратын факторларды анықтау өзекті болып табылады [3; 4].

XX ғасырдың басында лирикалық циклді әлемдік поэзияда белсенді жанрлық форма ретінде қарастырылған деп есептеледі. Қазақ ақындары шығармашылығындағы осы жанрдың теориялық және дара ерекшеліктерін қадағалаудың маңызы зор. Бұл мәселенің шешімі қазақ поэзиясының әлемдік поэтикалық кеңістікте өзіндік ерекшелігі мен енгендігін көрсете тұра жанрдың үстемдік ету үдерістерін анықтайды.

Отандық ғалымдар өлеңдер мен лирикалық жанрларды кешенді түрде зерттеуге көңіл бөліп отыр. Қазіргі зерттеулерде лирикалық прозаны, лиризмнің құрылымдық-семантикалық ерекшеліктерін және жанрлық синтезді жан-жақты талдау жүргізілуде [4; 5]. Бірақ өлеңдер циклі қазақ әдебиеттануында жеке мәселе ретінде кең қарастырылмаған. Қазақ поэзиясындағы ірі формалардың табиғатын білу, өлеңдердің циклдерге бірігу принциптерін анықтау қажет.

Қазіргі әлем әдебиеттануы ғылымында цикл құрудың теориялық аспектілері зерттеушілердің назарындағы құбылыс. Бүгінгі таңда цикл

мәселесі кең мағынада қарастырылады. Ол лирикалық поэзияның көрінісі ғана емес, көркем шығармашылықтың барлық родтарында кездесетін құбылыс [1; 2]. Циклтану қарқынды дамып келеді, әртүрлі көзқарас тұрғысынан қарастырылатын жаңа мәселелер пайда болуда. Цикл мәселесінің пайда болғанына аз уақыт өтсе де, қазір циклтанудың көптеген салалары терең әрі негізді зерттелген. Циклтанушылар лирикалық циклдің теориясын да, тарихын да қарастырып жүр. Циклтануда цикл теориясының үлкен саласы пайда болды. Оның негізін XX ғасырдың 30-40 жылдарында И. Мюллер мен Х. Манстрэд [6; 7] деген зерттеушілер салды. Орыс зерттеушісі Л. Ляпина лирикалық циклдің мынадай басты бес белгісін көрсетеді:

1. Шығарма құрылымының авторлық белгіленуі;
2. Цикл құрамындағы шығармалардың дербестігі;
3. Лирикалық цикл құрылымының орталыққа бағынуы;
4. Лирикалық цикл құрамындағы өлеңдер байланысындағы лирикалық принцип, лирикалық сюжет;

5. Бейнелеудің лирикалық принципі [8].

Е.С. Хаев лирикалық циклдің еркін (яғни автор арнайы құрмаған, ішкі мазмұны жағынан өзара жақын шығармалардың бірігуі) және байланысқан (автор қойған атауы, кейде эпиграфы бар, компоненттерінің реті алдын ала айқындалған цикл) түрлерін ажыратып көрсетеді. Цикл түрлерінің негізіне композиция алынады. «Циклдің әр түрінің құрылымы туралы мәселе әрқалай қойылады. Еркін цикл үшін бұл құрылымның семантикалық орталығын білдіретін негізгі мәтіндерді анықтау, сондай-ақ оның шеткі мәтіндермен байланысын анықтау болып табылады. Бұндай құрылымды топтанған деп атауға болады. Байланысқан циклдің құрылымы концентрациялық негізде пайда болады. Бұл жерде де инварианттарға бірдей толы негізгі және шеткі мәтіндер болады. Бірақ құрылымның бірінші кезегінде радиалдық байланыстар емес, линеарлық, яғни мәтіндердің ретін белгілейтін байланыстар тұрады», – дейді зерттеуші [9, 167-б.].

Материалдар мен әдістері

Мақалада қойылатын міндеттер: XX ғасырдың I жартысындағы қазақ поэзиясындағы цикл құру үдерісін сипаттау; осы кезеңдегі лирикалық бірліктерді талдау негізінде циклдің принциптерін белгілеу.

Қазақ ақындары М. Жұмабаев, І. Жансүгіров, С. Сейфуллиннің өлең жинақтарында лирикалық цикл жанрына сәйкес байланыстар жүйесі орын алған: жазылған мерзімнің, атаудың, лирикалық кейіпкердің, идеямен мағынаның бірлігінің ұйымдасуы бірнеше өлеңге ортақ болып келеді.

Цикл феномені алғаш оны ғылыми тұрғыдан қарастырғанға дейін пайда болды. Жасалып жатқан лирикалық контекстің жаңа формалары туралы

ақындардың шығармашылық рефлексиясы бұл мәселенің теориялық жағынан қойылуына негіз болды.

Нәтижелер және талқылау

Циклді жасаушы компонент ретінде зерттеушілер лирикалық сюжет пен өлеңаралық байланысты «скреп» – «біріктіруші» деп атайды [1; 3].

Өлеңдер арасындағы «біріктірушілер» циклдің құрылымы, лирикалық сюжеті, жалпы лирикалық циклдің конструктивті ерекшеліктерін көрсетеді. Оларды цикл құрудың әмбебап ұстанымдарына жатқызуға болады. Солай бола тұра, цикл құрудың әмбебап ұстанымдары әр ақынның шығармашылығында өзінше көрініс табады. Композициялық тұтастық біріктірушілердің бір түрі ретінде әр автордың өзіндік танымы арқылы түсіндіріледі.

Сонымен, лирикалық циклдің жалпы конструктивті ерекшеліктері ретінде осы аталған цикл құрудың универсалды ұстанымдарын белгілеуге болады. Сонымен қатар цикл құрудың универсалды принциптеріне цикл құрудың формальды принциптері, яғни циклдің атауы, нөмірленуі, дыбыстық тұтастығы (немесе музыкалық құрылымы) жатады. Цикл құру принциптерін оқып-білу әрбір ақынның конструктивті ерекшелігін анықтауға ғана емес, ең алдымен, сол ерекшеліктер арқылы оның дүниетанымын түсінуге, білуге мүмкіндік береді. Циклдердің негізгі ерекшелігі олардың концептуалдылығы деп санаймыз. Цикл құрудың жеке ұстанымдары белгілі бір концепцияның, болмысты сезінудің іске асуы болып табылады. Белгілі бір дәуір ақындарының шығармашылығындағы осындай ерекшеліктердің жиынтығы сол кезеңдегі үстемдік етуші болмысқа деген көзқарасты анықтауға мүмкіндік береді.

XX ғасырдың басындағы қазақ поэзиясындағы ірі формаларға деген қызығушылық А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, М. Дулатұлы, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Б. Майлин, І. Жансүгіров сияқты ақындардың өлеңдерін циклдерге біріктіруі арқылы айқын көреміз.

Лирикалық циклдің негізгі жанрлық белгісі – тұтастықты сақтау. Лирикалық цикл – тұтас мәтін. Тұтастықтың сыртқы белгілері – оның атауының болуы, жинақ құрамында жалпы тұтастықтың бөліктерінің болуы, біріккен басылымдар, т.б. Мағыналық байланыстар лирикалық «біріктіруші» элементтер арқылы көрінеді. Өлеңдерді біріктіруші элементтер анық және жасырын түрде кездесуі мүмкін. «Анық» біріктірушілерді орыс цикл зерттеуші В. А. Сапогов «жұлдызша сөздер» деп атайды [2]. Олар өлеңдерді өзара тығыз байланыстырады. Оқырманның назары мәтіннің негізгі мазмұнын білдіретін, бірнеше рет қайталанатын лексемаларға аударылады. Бұндай сөздер мәтінде былайша орналасады: өлеңнің аяғында келген сөзден келесі өлең басталады. С. Сейфуллиннің «Шөлде» [10, 67-68-б.] деп аталатын лирикалық циклін талдап көрейік.

Ол «Домбыраға», «Аққуға», «Күрең атқа» деген үш өлеңнен тұрады. Үшеуі де 1919 жылы қазан айында жазылған. Атауы – «Шөлде». Жеке өлеңдерді бір мәтінге біріктіріп тұрған – «арнау» түріндегі аттары. Домбыраның әуені еркін суреттелген:

Домбыра күйлегенде шыққан сарын,
Көкіректен ән салғанда шыққан жалын,
Күйдіріп әм мұздатып жан мен тәнді,
Әлемге біздің халдың *айтшы* бәрін [10, 67-б.].

Аққу поэзияда еркін құс болып саналады. Аққу – адамға бағынбайтын жабайы табиғаттың жаратылысы. Мүмкін, сондықтан да ол автордың Отанына деген қайғы, мұңын жеткізу үшін алынған болу керек:

Уа, эне, *саңқылдаған* аққу екен,
Біреуге сәлем айтсам, айтар ма екен?
Әй, аққу, әй, сәлем айт жолыққанда,
Сарыарқа сансыз сұлу біздің мекен [10, 67-б.].

Күрең ат табиғатынан еркін болса да, адамға қызмет еткендіктен, оған тәуелді. Лирикалық кейіпкер өзін күрең атқа теңейді:

Күрең ат, күрсінесің, зорықтың ба?
Арқадан күдер үзіп торықтың ба?
Мендей-ақ тыныштық таппай елді тастап,
Сен дағы сергелдеңге жолықтың ба?

Күрең ат, жабырқама, арқаң босар,
Үйірден бөлген тағдыр қайта қосар.
Ел – жұртқа есен қайтсақ, тілектестер
Той қылып, алдымыздан бізді тосар [10, 67-б.].

Циклдің өлеңдері өзара тығыз байланыста, оларды байланыстарып тұрған – автордың Отанын аңсауы, еркінсіздік туралы ойлары.

Өлеңдерді байланыстырушы лексикалық біріктірушілері бар. Мысалы, бірінші өлең:

I ...Әлемге біздің халдың *айтшы* бәрін
деп аяқталады.

Екінші өлең:

II Келеді мұнды *дауыс* құлағыма
деп басталып,

...Уа, *дүние-ай...*

деп аяқталады.

Ал үшінші өлең:

Күрең ат, *күрсінесің*, зорықтың ба?
деп басталады.

Лексикалық біріктірушілер: айтшы – *мұнды дауыс, Уа, дүние-ай* – *күрсінесің* цикл құрамындағы өлеңдерді көпдауыстық дыбыспен байланыстырып бір бүтін полифониялық әнге айналдырады.

Циклдің үш өлеңінде де бірдей лирикалық кейіпкер бейнеленген. Ол – туған жерін аңсаған адам. Циклдің басында:

Көкіректе қоймаған кек ондырама?

Көңілді бір орынға қондыра ма? [10, 67-б.], – дейді.

Өлеңдер ерекше лексемалар арқылы біріккен:

I – *қара қабақ, ыза, кектің шерін, тұнжырады;*

II – *сорлы, жылады ма, көздің жасы, еңіреген;*

III – *күрсінесің, тыныштық таппай, қамықтың ба, жабырқайсың.*

Циклде туған жердің көлемдік сипаты көрсетілген:

II – *Сарыарқа сансыз сұлу біздің мекен, сол жақта...*

III – *Сағынып Сарыарқаны...*

Ел – жұртқа есен қайтсақ.

Циклдің үш өлеңнің бәрінде де ортақ сұраулы интонация. Ол рифмадан да көрінеді. Мәселен, әр өлеңнің алғашқы жолдарында:

I ... ондыра ма?

... қондыра ма?

... жадырасын

... домбыраға.

II ... құлағыма

... жылады ма?

... адамын,

... бұлады ма?

III ... зорықтың ба?

... торықтың ба?

... елді тастап,

... жолықтың ба?

Лирикалық цикл құрылымдық тұтастығы негізінде *жалтыдан жалқыға* қарай принципі алынған лирикалық сюжет арқылы анықталады (*әлем – Сарыарқа – үйір*).

Бірінші өлеңде:

Әлемге біздің халдің айтшы бәрін [10, 67-б.].

Екінші өлеңде:

Әй, аққу, әй, сәлем айт жолыңқанда

Сарыарқа сансыз сұлу *біздің мекен* [10, 67-б.]

Үшіншіде

Күрең ат, жабырқама, арқаң босар,

Үйірден бөлген тағдыр қайта қосар... [10, 68-б.]

Циклдік бірлік құрудағы әр автордың қолданатын принциптері әр түрлі болғанымен, лирикалық циклдің құрамындағы *өлеңдердің реттілігі* цикл жанрында өте маңызды деп саналады.

М. Жұмабаевтың «Жыл мезгілдері» [11, 344-б.] лирикалық циклі үш өлеңнен тұрады: «Күз», «Жаз», «Қыс». Көктем мезгілі жаз туралы өлеңнің құрамына еңгендей әсер қалдырады, себебі қазақ даласында көктем өте қысқа болып, жаздың басталуымен астасып жатады. Циклдің тағы бір ерекшелігі – жыл мезгілдерін атаудағы дәстүрлі реттің бұзылуы. «Жаз» өлеңі «Күз» бен «Қыс» арасында орналасып, идеялық-мағыналық тұрғыдан циклдің өзегіне айналады. Жаз – ақын үшін ең сүйікті жыл мезгілі. Оның айрықша мәні «күтпегендік» эффектісінен әрі көлемдік айырмашылығынан аңғарылады: бірінші және үшінші өлеңдер 5-6 жолдан тұрса, жаз туралы өлең 10 жолды қамтиды. Сонымен қатар, тек осы өлеңде ғана лейтмотиві үш рет қайталанады: «Самалық! Самалық!».

Лирикалық цикл көркем-семантикалық тұтастық ретінде айқындалады. Біріншіден, оның лирикалық сюжеттік дамуы «құрылымдық шеңбер» принципіне негізделген: циклдің басталуы мен аяқталуы тұтас композицияның мағыналық тұйықталғанын аңғартады. Бірінші және үшінші өлеңдерде табиғат пен адам бейнесі параллель өріліп, құрылымдық-стильдік тұрғыдан өзара ұқсастық түзеді:

Күз

Жапалақ-жапалақ қар жауар,

Жаман қатын қыз табар [11, 344-б.].

Қыс

Қыздың бетін қызартып

Мұздың мұрнын ұзартып... [11, 344-б.].

Екеуінде де әйел образы бар. Мифтік-поэтикалық символикада ол «жағымсыз бастау» дегенді бейнелейді. «М. Жұмабаевтың поэтикалық символизмі адам мен табиғаттың өзара әрекеттесуі, оны адамдардың қолдануы, олардың бір-бірімен байланысы, адам санасының шындық құбылыстарын салыстырмалы түрде барабар көрсетуі негізінде дамитындығымен сипатталады», - дейді зерттеушілер О. Абдиманұлы, Н.Ж. Доссанова [12, 100].

Бұл архетиптік кодты М. Жұмабаев халық санасындағы күз бен қысқа қатысты дәстүрлі көзқарасты таныту мақсатында қолданады. Өлең тілі халықтық поэтикаға негізделіп, афористік тұжырымдармен, дидактикалық сарынмен және көркем бейнелілікпен сипатталады.

Алайда сюжеттік-құрылымдық шеңбер толық тұйықталған сипатқа ие емес, себебі соңғы өлеңде циклдің жалпы құрылымынан дараланатын бірқатар стильдік ерекшеліктер байқалады. Мәселен, өлеңдегі «қаратпа» түріндегі сұрақ:

Аяғын жерге басты ма? [11, 344-б.]

келесі қысқа өлеңге көшкен:

Аяз, сені қайтейін?! [11, 344-б.]

Байланыстырушы фактор ретіндегі лирикалық кейіпкердің жыл мезгілдеріне деген көзқарасы, қарым-қатынасы циклдің эмоционалдық құрылымын қалыптастырады. Субъектінің үш түрлі көрінуі жалпы образды «сен»-нен «мен» түріндегі тура баяндау арқылы берілген:

Жамбасына мұз тоңар. [11, 344-б.]

Екінші өлеңдегі сұрақ түріндегі жалпыланған «сен» де лирикалық «мен»-нің көрінісі болып табылады:

Самарқанның көк тасы

Жібіді ме, көрдің бе? [11, 344-б.]

Екеуінде де диалог формасы жасырын. «Сөйлеу пәні арқылы диалог құру – ол тақырыптың автор үшін маңыздылығын, ақынның лирикалық әлеміне кіретінін білдіреді», – деп санайды зерттеушілер [13, 208-б.]. Олардың арасындағы қашықтық бірте-бірте жойыла береді, себебі олардың жыл мезгілдерін бағалаудағы ішкі байланысы анық сезіледі. Соңғы өлеңде субъект «мен» формасының жанама түрі арқылы беріледі: *сені қайтейін*.

Жыл мезгілдеріне байланысты кеңістік параметрлері өзгереді. Күз бен қыс «жабық кеңістік» арқылы бейнеленеді. Адам мен үй жануарларының тіршілігі табиғат жағдайларына тікелей тәуелді екендігі сүреттеледі. Лақ, қозы, бота, бұзаулар – адам тұрмысының ажырамас бөлігі ретінде көрінеді. Ал жаз «ашық кеңістікте» сипатталады: суықтан оянған жер, таулар бейнесі алға шығады. Және жаздың символы ретінде еркін қалықтаған құс алынады.

Бұл тұста құрылымдық-мағыналық біріктірушілер табиғат образының негізінде циклдік байланыс түзеді. Ұқсастық пен ерекшелік принципі бойынша құрылған цикл өлеңдері жыл мезгілдерінің ауысуымен сипатталатын табиғат цикліне үндес. Аталған лирикалық цикл ақынның дүниетанымдық ерекшелігін де, ұлттық болмысын да айқындайды.

Ілияс Жансүгіровтың жыл мезгілдері туралы лирикалық циклі де үш өлеңнен тұрады: «Жаз», «Күз», «Қыс» [14]. Бұнда да көктем мезгілі жоқ, цикл қыс мезгілімен аяқталады. Цикл идеясы оның «Мезгіл сүреттері» деген жалпы атауынан көрінеді. Цикл бойы қайталаулар көп кездеседі, сегіз жолдан тұратын әрбір өлеңнің құрылымдары ұқсас. Мұнда тақ жолдағы (1,3) фразалар бір өлеңнен екінші өлеңге ауысып отырады, жұп жолдағы (2,4) фразалар семантика жағынан өзгереді. Осындай шумақ құрылымы

лирикалық сюжеттің дамуына ықпал жасайды. Жаздан қысқа қарай лирикалық кейіпкерінің көңіл күйі өзгере береді.

Илияс Жансүгіров лирикалық циклін құрылымдық, эмоционалдық және семантикалық тұтастық принциптері негізінде құрды. Циклдік шеңбер жаз мезгілінен басталып, көтеріңкі көңіл-күймен тығыз байланыста көрініс табады:

Көңіл анау

Той ғып жатқан ауылдай.

Жаз туралы өлеңде адамның жан-дүниесімен тығыз байланыстағы түсінік ретінде көңіл сөзі қолданылады. Ол келесі өлеңдерде паронимия құбылысының жерінен көлің сөзіне ауысады. Циклдің әр өлеңінің бесінші сөйлемінде кездесетін бұл дыбыстық ұқсастық тұтас бірлікті құрайтын қайталаудың әсерін нақтылай түседі.

Жаздың түсі – жасыл. Циклді көк пен ақ түстердің үстемдік етуімен қыс аяқтайды. Желді суреттеу ерекшеліктері де назар аударарлық. Ақын антропоморфтық теңеулерді қолдана отырып, шығармашылық актімен белгілі байланыстағы адамның сезімдері мен дауыс градациясын негізге алады: жігіттің шығарған өлеңі, емшінің дұғалары, халықтың үні.

Илияс Жансүгіровтың «Мезгіл сүреттері» циклінің өн бойында бір типтес формадағы қайталаулар динамикасы байқалады. Бұл, бір жағынан, цикл құрудағы ең күрделі жол, екінші жағынан, циклдің жанр ретінде қалыптасуының фольклорлық-мифологиялық бастауларын көрсететін форма. Илияс Жансүгіровтың талданып отырған циклді сыртқы форма жағынан ғана емес, мазмұны жағынан да нағыз цикл ретінде көрінеді. Мағынасының сырт көзбен қарағанда қарапайымдылығына қарамастан, лирикалық субъектінің шеттетілуіне байланысты оның терең натурфилософиялық негізі бар. Бұл жерде жыл мезгілдерінің ауысуы табиғаттың негізгі түсініктері (жер, жел, теңіз, күн) арқылы сипатталады. Натурфилософиялық ойдың мәні – табиғат тіршілігінің үнемі өзгерісте болатындығы да ғалымдардың зерттеулерінде кездеседі.

С. Сейфуллиннің «Шөлде» М. Жұмабаевтың «Жыл мезгілдері», І. Жансүгіровтың «Мезгіл сүреттері» лирикалық циклдері автордың өзі жасаған концептуалды құрылымдылық семантикалық бірлік болып табылады. Ол формальды-мазмұнды біріктірушілер кешенінің өзара әсер етуі нәтижесінде пайда болған.

Лирикалық цикл жанрлық формаға еліктеуді XX ғасырдың ерекшелігі ретінде тануға болады. Зерттеушілердің айтуынша, поэзия – өмірдің айнасы. Егер XX ғасырдың басында өмір өзгеріп, түсінуге, сезінуге қиын дәуір болғандықтан, поэзия тілі, формасы да өзгерді. Осы кезеңдегі поэзия туралы зерттеушілерінің пікірі: «Тіпті бұл дәуірде поэзия жанрының ауқымды түрлену ерекшелігі көзге түсті. Кеңес жағдайындағы қоғамның, бұқараның бейнесі ашылды. Дәстүр мен жанашылдық қабыса, жарыса пайдаланылды.

Ақындар жаңа тақырыптан жаңа идея, жаңа форма мен стиль тудыра алды» [15, 138-б.]. Ішкі өзгерістерге сыртқы өзгерістер сәйкестенді. Әсіресе сезіну өмірі өзгерді. Жаңа сезімді білдіру үшін жаңа әдіс-тәсілдер қажет болды. Жаңа уақыт лирикалық эпосты, лирикадағы үлкен формаларды туғызды. Сол лирикалық эпостың бір түрі лирикалық цикл болып табылады. XX ғасырдың бірінші жартысындағы ақындардың шығармашылығында лирикалық цикл бастапқы жанр ретінде қалыптасты. Көркемдік сананың күрделілігі күрделі формаларда көрініс тапты. Солардың бірі – лирикалық цикл.

Лирикалық цикл XX ғасырда өзгере бастаған күрделі дәуірді әлі түсініп білу мүмкін болмағандықтан, уақыттың тұтас концепциясын сезіну да мүмкін емес кездегі лирикалық өлеңнің формасына сыймайтындықтан, эпостың орнына жүретін құбылыс деген көзқарасты ұстанамыз.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ поэзиясындағы ірі формаларға деген қызығушылық арта түсуде. Қазақ ақындары С. Сейфуллин, М. Жұмабаев, І. Жансүгіров, циклдерінде байланыстар жүйесі орын алған. Лирикалық циклдерді сипаттау – циклдің концептуалды құбылыс екенін анықтауға мүмкіндік береді. Оның құрылымдық негізі – автордың дүниені сезінуі.

Қорытынды

Сонымен, лирикалық цикл көркем тұтастықтың күрделі формасы ретінде тығыз байланысқан бірнеше компоненттердің бірлігі болып көрінеді. Лирикалық цикл тұтастығы оның құрамдас бөліктерінің әрекеттесуінен қалыптасады: а) тақырып пен идеяның ортақтығы; ә) цикл атауы және оның семантикалық жүктемесі; б) сюжеттік-құрылымдық бірлік; в) лирикалық образ бен лирикалық субъектінің тұтастығы. Аталған компоненттердің әрқайсысы жеке дара қызмет атқарғанымен тек өзара байланыста ғана циклдік мәнге ие болады.

Біз талдаған циклдер арқылы жоғарыда аталған бөліктердің күрделі ойды білдіруде бірігіп қатысатынын дәлелдедік. Цикл өлеңдерінің құрылымдық бірлігі ақынның үздіксіз поэтикалық ой өрбітуін көрсетеді. Лирикалық циклдегі автордың белгілеуі лирикалық сюжеттің, лирикалық кейіпкердің, құрылымның бірлігі арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыдан алғанда, лирикалық цикл жеке өлеңдердің механикалық жиынтығы емес, автордың дүниетанымын, эстетикалық ұстанымын, болмысты қабылдау тәсілін тұтас күйінде бейнелейтін күрделі поэтикалық жүйе болып табылады. Автор өлеңдердің ретін, ішкі байланысын, қайталанатын мотивтер мен образдарды саналы түрде ұйымдастыра отырып, тұтас көркем әлем жасайды. Осы арқылы лирикалық цикл ақынның дүниені қабылдау үлгісін, философиялық және эстетикалық көзқарасын танытатын маңызды поэтикалық формаға айналады.

С. Сейфуллиннің, М. Жұмабаевтың, І. Жансүгіровтың лирикалық циклдері қазақ поэзиясындағы цикл жанрының қалыптасу және даму

зандылықтарын айқын көрсетеді. Бұл циклдерде табиғат бейнесі, уақыт пен кеңістік категориялары, лирикалық кейіпкердің эмоциялық күйі біртұтас концептуалдық жүйе түзеді. Циклдік құрылым арқылы ақындар жеке лирикалық сезім шеңберінен шығып, дәуірдің рухын, ұлттық дүниетаным ерекшеліктерін, тарихи-әлеуметтік ахуалды бейнелеуге ұмтылады.

Қорытындылай келгенде, лирикалық цикл жанры қазақ поэзиясында күрделі ойды, уақыт пен кеңістікті, табиғат пен адам қатынасын бейнелеудің тиімді көркемдік тетігі болып табылады. Циклдік құрылым ақынның көркемдік ізденістерін, ұлттық поэтикалық дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысын айқындап, қазақ әдебиетінің әлемдік поэтикалық кеңістіктегі орнын тереңірек тануға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Дарвин, М. Н.** К вопросу о сюжете лирического путевого цикла [Текст] // Вестник РГГУ. Серия «Литературоведение. Языкознание. Культурология». – 2020. – № 2. – С.35–44. [Электронды ресурс]. – URL: <https://history.rsuh.ru/jour/article/view/815>

2 **Сапогов, В. А.** Сюжет в лирическом цикле [Текст] // Сюжетосложение в русской литературе : Сб. статей. – Даугавпилс : ГПИ, 1980. – С. 94–115.

3 **Гинзбург, Л. Я.** О лирике [Текст]. – М. : «Сов. писатель», 1974. – 407 с.

4 **Абишева, С. Д.** Поэтическая система «Мир природы» : структура и семантика [Текст]. – Алматы : Изд-во КазНПУ им. Абая, 2002. – 268 с.

5 **Amangeldina, A., Tleuova, Zh.** Lyrical prose in Kazakh literature [Text] // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 29 т. – 2024. – № 1(113). – 146–151-б. – <https://doi.org/10.31489/2024ph1/146-151>

6 **Muller, I.** Das Ziklische Prinzip in der Lyrik [Text] // Germanisch-Romanische monatschrift, XX. – 1932.

7 **Musterd, H.** The Liric Cicle in German Literature [Text]. – New-York, 1946.

8 **Ляпина, Л. Е.** Циклизация в русской литературе XIX века [Текст]. – СПб., 1999. – 279 с.

9 **Хаев, Е. С.** Проблема композиции лирического цикла (Б. Пастернак «Тема с вариациями») [Текст] // Природа художественного целого и литературный процесс. – Кемерово, 1980. – С. 154–175.

10 **Сейфуллин, С.** Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 2002. – 191-б.

11 **Жұмабаев, М.** Шығармалары (әдеби басылым). 2-том: Өңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 2013. – 376-б.

12 **Abdimanuly, O., Dossanova, N. Zh.** Kazakh poetry of the early XX century in the context of the world poetic tradition [Text] // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. – № 2 (182). – 96–106-б. – <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v182.i2.ph11>

13 **Revutskaya, A.** Dialogical Dimension of Poetic Metaphor [Text] // Trinaesta međunarodna naučna konferencija «Jezik, književnost i dijalog». – 2024. – P. 206–215. [Electronic resource]. – URL: <https://doi.ub.kg.ac.rs/ild24/>

14 **Жансүгіров, І.** Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 2002. 1-ші т.: Өлеңдер мен дастандар. – 199-б.

15 **Батан, С., Алимбаев, А. Е., Мирзахметов А. А.** М.Базарбаев зерттеуіндегі ақындар шығармашылығы [Мәтін] // Ш. Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – № 2. – 132–141-б. – <https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss2pp132-141>

REFERENCES

1 **Darvin, M. N.** «On the Plot of the Lyrical Travel Cycle»// Vestnik RGGU. Seriya «Literaturovedenie. Yazykoznanie. Kul'turologiya» [RSUH Bulletin. Literary Studies, Linguistics, Cultural Studies]. – 2020. – № 2. – P. 35–44. [Electronic resource]. – URL: <https://history.rsuh.ru/jour/article/view/815>

2 **Sapogov, V. A.** «Plot in the Lyrical Cycle»// Syuzhetoslozhenie v russkoi literature [Plot Construction in Russian Literature]. – Daugavpils, Latvia : GPI, 1980. – P. 94–115.

3 **Ginzburg, L. Ya.** O lirike [On Lyric Poetry]. – Moscow, USSR : Sovetskii pisatel'. – 1974. – 407 p.

4 **Abisheva, S. D.** Poeticheskaya sistema «Mir prirody»: struktura i semantika [The Poetic System «The World of Nature»: Structure and Semantics]. – Almaty, Kazakhstan : KazNPU named after Abai, 2002. – 268 p.

5 **Amangeldina, A. and Tleuova, Zh.** «Lyrical prose in Kazakh literature»// Qaraghandy Universitetiniñ Khabarshysy. Filologiya seriyasy [Bulletin of Karaganda University. Philology Series]. – 2024. – № 1(113). – 146-151 p. – <https://doi.org/10.31489/2024ph1/146-151>

6 **Muller, I.** «Das Ziklische Prinzip in der Lirik», Germanisch-Romanische Monatsschrift, XX. – 1932.

7 **Musterd, H.** The Lyric Cycle in German Literature. – New York, USA, 1946.

8 **Lyapina, L. E.** Tsiklizatsiya v russkoi literature XIX veka [Cyclization in Russian Literature of the 19th Century]. – Saint Petersburg, Russia, 1999.

9 **Khaev, E. S.** The Problem of Composition of the Lyrical Cycle (B. Pasternak's 'Theme with Variations') // Priroda khudozhestvennogo tselogo i

literaturnyi protsess [The Nature of the Artistic Whole and the Literary Process]. – Kemerovo, USSR, 1980. – P. 154–175.

10 **Seifullin, S.** Kop tomdyq shygharmalar zhinaghy [Collected Works]. Almaty: Zhazushy, 2002. – 191 p.

11 **Zhumabaev, M.** Shygharmalary [Works]. Vol. 2: Short Prose, Scholarly Works, Articles, Translations, Unpublished Poems. – Almaty: Zhazushy, 2013. – 376 p.

12 **Abdimanuly, O. and Dossanova, N. Zh.** «Kazakh Poetry of the Early Twentieth Century in the Context of the World Poetic Tradition» // QazUU Khabarshysy. Filologiya seriyasy [Bulletin of Al-Farabi Kazakh National University. Philology Series]. – 2021. – № 2 (182). – P. 96–106. – <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v182.i2.ph11>

13 **Revutskaya, A.** «Dialogical Dimension of Poetic Metaphor» // Language, Literature and Dialogue: Proceedings of the Thirteenth International Scientific Conference. – 2024. – P. 206–215. – <https://doi.ub.kg.ac.rs/ld24/>

14 **Zhansugirov, I.** Kop tomdyq shygharmalar zhinaghy [Collected Works]. – Almaty: Zhazushy, 2002. 1st volume: poems and epics. – 199 p.

15 **Batan, S., Alimbaev, A. E. and Mirzakhmetov, A. A.** «Poetic Creativity in M. Bazarbaev's Research» // Sh. Ualikhanov atyndagy KU khabarshysy. Filologiya seriyasy [Bulletin of Sh. Ualikhanov Kokshetau University. Philology Series]. – 2024. – № 2. – P. 132–141. – <https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss2pp132-141>.

07.01.26 ж. баспаға түсті.

07.01.26 ж. түзетулерімен түсті.

10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Ж. С. Акииева

Satbayev University,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 07.01.26.

Поступило с исправлениями 07.01.26.

Принято в печать 10.08.26.

ЛИРИЧЕСКИЙ ЦИКЛ В КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЫ XX ВЕКА: ФОРМИРОВАНИЕ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЦЕЛОСТНОСТИ

В статье представлены теоретические и историко-литературные аспекты лирической циклизации в казахской поэзии начала XX века. Лирический цикл как популярная жанровая форма в

мировой литературе первой половины XX века, рассматривается на материале казахской поэзии этого периода. На материале циклов Сакена Сейфуллина, Магжана Жумабаева, Ильяса Жансугурова выявляются циклообразующие скрепы на уровне лексической, синтаксической, мотивной, звуковой, интонационной организации текста. Обращается особое внимание на такие циклообразующие компоненты как хронология, датировка, заглавие, лирический герой, образная структура текста, лирический сюжет.

Художественное время неотделимо от художественного пространства. По отношению к художественному пространству принято говорить о едином времени-пространстве. В статье отмечается, что целостность художественного мира поэта предполагает единство характеристик времени и пространства его произведений. Одним из циклообразующих начал рассматриваемых произведений является единое пространство цикла. Значимы не только конструктивные элементы-скрепы между стихотворениями в плане создания единого пространства лирического цикла, но и, прежде всего, детали – составляющие пространства. Автор подробно останавливается на особенностях организации также пейзажных лирических циклов на примере лирики Магжана Жумабаева, Ильяса Жансугурова. В статье уделяется внимание субъектно-объектной организации жанровой формы лирического цикла на материале циклов Сакена Сейфуллина. Аспектами анализа являются принципы, которые лежат в основе жанровой формы лирического цикла, их развитие, отраженное в различных подходах и исследованиях.

Ключевые слова: циклообразование, лирический цикл, казахская поэзия, С. Сейфуллин, М. Жумабаев, И. Жансугуров, лирический герой.

**Zh. S. Akisheva*

Satbayev University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.
Received 07.01.26.

Received in revised form 07.01.26.

Accepted for publication 10.08.26.

THE LYRICAL CYCLE IN KAZAKH POETRY OF THE FIRST HALF OF THE 20TH CENTURY: THE FORMATION OF ARTISTIC INTEGRITY

The article presents the theoretical, historical and literary aspects of lyrical cyclicity in Kazakh poetry of the early twentieth century. The lyrical cycle as a popular genre form in world literature in the first half of the twentieth century is examined based on the material of Kazakh poetry of this period. Based on the material of the cycles of Saken Seifullin, Magzhan Zhumabaev, Ilyas Zhansugurov, cycle-forming bonds are identified at the level of lexical, syntactic, motive, sound, and intonation organization of the text. Particular attention is paid to such cycle-forming components as chronology, dating, titles, lyrical hero, figurative structure of the text, lyrical plot.

Artistic time is inseparable from artistic space. One of the cycle-forming principles of the works under consideration is a single cycle space. The author dwells on the peculiarities of the organization of landscape lyrical cycles using the example of the lyrics of Magzhan Zhumabaev and Ilyas Zhansugurov. The article pays attention to the subject-object organization of the genre form of the lyrical cycle based on the cycles of Saken Seifullin. Aspects of the analysis are the principles that underlie the genre form of the lyrical cycle, their development, reflected in various approaches and studies.

Keywords: cycle formation, lyrical cycle, Kazakh poetry, S. Seifullin, M. Zhumabaev, I. Zhansugurov, lyrical hero.

Теруге 10.08.2026 ж. жіберілді. Басуға 21.09.2026 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,64 МБ RAM

Шартты баспа табағы 44,4.

Компьютерде беттеген: З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4593

Сдано в набор 10.08.2026 г. Подписано в печать 21.09.2026 г.

Электронное издание

5,64 МБ RAM

Усл. печ. л. 44,4.

Компьютерная верстка: З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4593

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz